



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бірқатар бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 7 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26619 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер енгізілетін бірқатар бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

*А. Аймагамбетов
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2022 жылғы 12 қаңтардағы
№ 7 бұйрығына
қосымша*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер енгізілетін бірқатар бұйрықтарының тізбесі

1. "Білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы № 302 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6340 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын есептеу ережесіне қосымшасы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20622 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларында:

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Шағын жинақты жалпы білім беретін мектептердің педагогтерінің жалақысы педагогикалық жұмыстың бір аптадағы нақты оқу жүктемесі үшін есептеледі, бірақ сынып-жиынтыққа кіретін басқа сыныптармен салыстырғанда оқу уақытының ең көп көлемі көрсетілген сынып-жиынтыққа кіретін сыныптың оқу жоспарында көзделгеннен жоғары емес.

Бір мұғалімге бір жарым ауысымдағы жұмысы үшін жалақы оқушылардың жалпы контингенті 20 адамға дейін екі бастауыш сынып, оқушылардың жалпы контингенті 15 адамға дейін үш бастауыш сынып, оқушылардың жалпы контингенті 10 адамға дейін төрт бастауыш сынып болған кезде білім алушылар біріктірілетін сынып-жиынтығы бар оқу жоспары бойынша оқу уақытының көлеміне байланысты есептеледі.

Егер екі бастауыш сыныптағы оқушылар саны 20 және одан да көп адамды құраса, әрбір мұғалімге жеке сыныбымен жұмыс істегені үшін жалақы есептеледі.

Егер оқушылардың саны 15 және одан да көп адам болса, үш бастауыш сынып біріктірілгенде, 10 және одан да көп адам санымен төрт бастауыш сыныптарды біріктірген кезде мұғалімге жалақы әрбір сынып-жиынтыққа есептеледі.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған 15 білім алушыдан (тәрбиеленушіден) кем арнайы білім беру ұйымдарын қоспағанда, мектептер мен мектеп-интернаттардың сыныптарында сыныптарға басшылық жасағаны, дәптерлерін және жазбаша жұмыстарын тексергені үшін лауазымдық айлықақыларына (мөлшерлемелеріне) қосымша ақы қаулыда белгіленген мөлшердің 50 пайызы мөлшерінде жүргізіледі. Бұл тәртіп сыныптарды кіші топтарға бөлу кезінде де қолданылады.";

3. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 97 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13307 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 19-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.".

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2022 жылғы 12 қаңтардағы
№ 7 бұйрығына
қосымша

Ондағы жұмыс уақыты оқу-тәрбие ұйымдарындағы тиісті лауазымдардағы қызметкерлердің мамандық бойынша жұмыс стажына есептелетін оқу орындарының, ұйымдарының және лауазымдарының тізбесі

Оқу орындарының, мекемелердің және ұйымдардың атауы	Лауазымдардың атауы
1. Жалпы білім беретін мектептер, оның ішінде лицейлер (мектеп-лицейлер), гимназиялар (мектеп-гимназиялар), мамандандырылған, Тұңғыш Президенттің интеллектуалдық мектептері, шағын комплектілі, кешкі (ауысымды) және сырттай оқыту мектептері, сырттай оқыту бөлімдері, эксперименттік алаңдар, санаторлық мектептер және мектеп-интернаттар, санаторлық-орманды мектептер, барлық үлгідегі және атаулы спорт мектептері, мектеп-балабақшалар, балабақша-мектеп кешендері, оқу-тәрбие, оқу-сауықтыру, оқу-тәрбие орталықтары (кешендері), ұзартылған күн мектептері және ұзартылған күн топтары, үш жылдық шеберлер мектебі, музыканттық тәрбие мектебі, арнаулы білім беру ұйымдар (дене бітімінің немесе ақыл-есінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мектептер, мектеп-интернаттар, сыныптар, ерекше тәрбиелеу жағдайын қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы ұйымдар және т.б.) барлық үлгідегі және атаулы мектеп-интернаттар, мектеп жанындағы интернаттар, оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беретін мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттар. Музыкалық және көркем-өнер мектептері мен мектеп-интернаттары. Мамандандырылған әскери орта мектептер, мектеп-интернаттар және училищелер. Логопедтік пункттері, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар. Оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, түзету және инклюзивтік білім кабинеттері. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық білім ұйымдары, жасөспірімдер үйлері, балалар деревнясы, балалар қалашықтары, балалар үйлері, кәмелетке толмаған балаларға арналған жетімханалар. Балалардың еңбек және тәрбиелік-еңбек колониялары, балалар қабылдау пункттері, кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындары, мектеп-колониялар (атауына қарамастан), ғылыми медициналық-педагогикалық консультациялар, еңбекке тәрбиелеу институттары, шәлкес мінезді адамдарды ерекше жағдайда ұстайтын білім беру ұйымдары. Мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері мен атаулары (балабақшалар, бөбекжай-бақшалар, бөбекжайлар, мектепке дейінгі мини орталықтар). Мектептен тыс балалар ұйымдары (номенклатураға сәйкес).	1. Мұғалімдер, барлық мамандық педагогтары, педагог-психологтар, сурдопедагогтар, әлеуметтік педагогтар, педагог-ұйымдастырушылар, дефектолог мұғалімдер, мұғалім-логопедтер, оқытушылар, логопедтер, логопедтік пункттердің меңгерушілері, тәрбиешілер (тәрбиеші-басшылар), тәрбиеші-әдіскерлер, аға тәрбиешілер, аға әдіскерлер (курстардағы әдіскерлер, егер бұл курстар олар үшін негізгі жұмыс орны болып есептелген жағдайда), концертмейстерлер, сүйемелдеушілер, музыкалық жетекшілер (қызметкерлер), қосымша білім беру педагогтері, массовиктер және экскурсоводтар (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), спорт бойынша аға жаттықтырушы-оқытушылар (жаттықтырушылар, оқытушылар), вожатыйлар, аға вожатыйлар, мәдениет ұйымдастырушылар, еңбек жөніндегі нұсқаушылар, аға шеберлер, өндірістік оқу шеберлері (нұсқаушылары), дыбыс кабинеттерінің нұсқаушылары, дыбыс кабинеттерінің меңгерушілері (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), денешынықтыру жөніндегі нұсқаушылар, жүзу жөніндегі нұсқаушылар, аға нұсқаушылар-әдіскерлер, нұсқаушы-әдіскерлер (оның ішінде денешынықтыру және спорт, туризм бойынша), басшылар, директорлар, меңгерушілер,

Клубтар, мәдениет сарайлары және тұрғын үй-пайдалану ұйымдары жанындағы оқушы бөлмелері. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары: кәсіптік лицей; колледж; училище; кәсіптік-еңбекпен оқыту орталықтары; еңбекпен түзету мекемелері жанындағы кәсіптік мектеп (лицей); мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған кәсіптік мектеп (лицей); жетім балаларға арналған кәсіптік лицейлер; әскери-техникалық мектеп; өңіраралық кәсіптік білім беретін орталық; жоғары техникалық мектеп; кәсіптік-техникалық оқыту орталығы; фабрика-зауыттық оқыту және тәлімгерлік мектебі, азаматтық авиация мектептері мен оқу-жаттығу бөлімшелері және атауына қарамастан кадрлар даярлау жөніндегі оқу орындары. Біліктілікті арттыру жөніндегі курстарды, оның ішінде сырттан оқытатын курстарды іске асыратын ұйымдар. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері: бөбек үйлері, балалар санаторийлері, клиникалар, емханалар, ауруханалар, сондай-ақ ересектер мекемелеріндегі балаларға арналған бөлімшелер, палаталар. Жоғары оқу орындарының филиалын қоспағандағы білім беру ұйымдарының филиалдары. Студиялар, клубтар. Студенттік-зерттеу бюролары. Оқу-консультация пункттері, оқу (оқу-жаттығу) орталықтары, оқу-өндірістік, оқу курстық комбинаттар, оқу-ғылыми-өндірістік кешендер, оқу-сауықтыру, оқу-тәрбие орталықтары. Лагерлер (спорттық-қорғаныс, сауықтыру, мектептік, еңбек және демалыс лагерлері). Білім беру ұйымдарының оқу полигондары. Оқу шаруашылықтары	бастықтар, олардың орынбасарлары (көмекшілері) (шаруашылық жұмыс жөніндегі қызметкерлер санатынан басқа), оқу, оқу-тәрбие, педагогикалық бөлім меңгерушісі, өндірістік оқыту, шет тілі жөніндегі оқу бөлімінің меңгерушілері, бөлімдердің, зертханалардың, кабинеттердің, шеберханалардың, бөлімшелердің, секциялардың, секторлардың, филиалдардың, оқу-консультациялық пункттерінің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың меңгерушілері (бастықтары), курстардың, оқу-өндірістік, оқу курстық комбинаттардың, циклдардың бастықтары, өндірістік, педагогикалық практика меңгерушілері, тәртіп жөніндегі аға кезекшілер, тәртіп жөніндегі кезекшілер, бастауыш әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушылар, білім беру ұйымдарындағы аудармашы-дактилолог (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі сурдопедагог).
2. Жоғары оқу орындары.	2. Профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер
3. Жоғары, техникалық және кәсіптік әскери оқу орындары	3. Профессорлық-оқытушылық лауазымдардағы жұмыс (қызмет)
4. Кадрларды жетілдіру, қайта даярлау, біліктілігін арттыру институттары, барлық атаулы әдістемелік ұйымдар (ведомстволық бағыныстылығына қарамастан)	4. Профессорлық-оқытушылық құрам, оқытушылар, әдіскерлер (ғылыми қызметкерлер), аға әдіскерлер, директорлар, меңгерушілер, олардың орынбасарлары, оқу бөлімінің, секторлардың, кабинеттердің, зертханалардың меңгерушілері.

5. Білім беру органдары және білім беру ұйымдарына басшылық етуді іске асыратын органдар.	5. Басқарушы, инспекторлық (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), әдіскерлік лауазымдар, сондай-ақ педагогикалық қызметпен байланысты лауазымдар.
6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, ішкі істер басқармалары (бас басқармалары), Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің еңбекпен түзеу мекемелерінің басқармалары.	6. Аға инспекторлар (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), жалпы білім беру, оқу-тәрбие, әдістемелік, мектептен тыс жұмыстар, өндірістік оқу, баланы қорғау, мектепке дейінгі тәрбие және оқу жөніндегі инспекторлар.
7. Өндірістік бірлестіктер құрамында ұйымдастырылған мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, әлеуметтік мәдени объектілердің және спорттық ғимараттардың басқармалары (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін).	7. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, жастармен жұмыс бөлімдерінің инспекторлары (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін)
8. Техникалық оқыту бөлімдері (бюро), кәсіпорындардың, бірлестіктердің кадр бөлімдері, өндірісте кадрлар даярлаумен және олардың біліктілігін арттырумен айналысатын министрліктердің (ведомстволардың) бөлімшелері.	8. Штаттық оқытушылар, өндірісте жұмысшыларды өндірістік оқыту шеберлері, қызметі кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесі мен байланысты басшылық, инспекторлық, инженерлік (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), әдіскерлік лауазымдар
9. ДОСААФ және азаматтық авиация оқу орындары және оқу ұйымдары.	9. Басшылық, командалық-ұшу, командалық-нұсқаушылық, инженерлік-нұсқаушылық, нұсқаушылық, инженер-әдіскерлер, инженер-ұшқыш-әдіскерлер (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін) оқытушылық құрам және өндірістік оқыту шеберлері.
10. Мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың жатақханалары, тұрғын үй-пайдалану ұйымдары, жастар тұрғын үй кешендері, балалар кинотеатрлары, жасөспірім көрермен театрлары, қуыршақ театрлары, балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жөніндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың мәдени-ағарту мекемелері	10. Тәрбиешілер, педагог-ұйымдастырушылар, психологтар, оқытушылар, қосымша білім беру педагогтары, нұсқаушылар және нұсқаушы-әдіскерлер, жаттықтырушы-оқытушылар және балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жөніндегі мамандар, балалар бөлімдерінің, секторларының меңгерушілері
11. Еңбекпен түзеу колониялары, еңбекке тәрбиелеу колониялары, тергеу изоляторлары және түрмелер, емдеу-еңбек және еңбекпен тәрбиелеу профилакторийлері, бұрынғы әскери тұтқындар мен жер аударылғандар лагерлерінің бөлімдері, арнаулы оқу-еңбек мекемелері	11. Педагогикалық білімі бар адамдардың бастықтың саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі аға нұсқаушы және нұсқаушы (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), отряд бастығы, жалпы білім беру жұмысы жөніндегі аға инспектор және инспектор, аға нұсқаушы-әдіскер, кәметке толмағандармен жұмыс жүргізу жөніндегі аға нұсқаушы және нұсқаушы (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), өндірістік-техникалық оқу жөніндегі аға инженер және инженер (1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін), өндірістік оқу жөніндегі аға шебер және шебер, күзет және тәртіп жөніндегі аға инспектор және инспектор, оқу-техникалық кабинет меңгерушісі, психолог, аудармашы лауазымындағы жұмысы (қызметі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК